

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯ

Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасы

**ДӘРІС**  
**Қазақстан Республикасының ІО қызметінің ұйымдық және**  
**құқықтық негіздері.**

Кафедра мәжілісінде талқыланды  
және мақұлданды. №\_\_\_ хаттама. 20\_\_ж «\_\_»\_\_

ҚАРАҒАНДЫ

## **Жоспар**

Кіріспе

1. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткеру: өткеру тәртібі, құқықтық негізі және принциптері.
2. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткерудің ерекшелігі.

Қортынды

Әдебиеттер

## Кіріспе

Қазақстандағы экономикалық, саяси және құқық салаларындағы революциялық қайта құрулар билік үшін қатаң күрес оларға міндетті түрде соқтығысып жүріп жатыр, атап айтқанда, мемлекеттік аппаратты, мемлекеттік басқару жүйесін билеу. Мемлекеттік басқару аппараты бір уақытта реформаланбай, кез келген қайта құрулар табыссыз өтеді. Біздің мемлекет үшін бұл шындық өте маңызды, бірінші қатардағы мәселе. Әрдайым болып тұратындай, қоғамдық және мемлекеттік дамудың күрт өзгеру кезеңдерінде мемлекеттік басқаруға қатысушы тұлғалардың саяси, әлеуметтік, кәсіби және басқа да сапасы туралы тамырлы сұрақ туындайды. Осыдан келіп кадрлық мәселенің үлкен маңызы шығады. Соңғы жылдары ішкі істер органдарындағы кадрлық жағдайды күрделі және қарамай-қайшы мәселелер анықтап жүр.

Осыған байланысты қоғам және мемлекет Қазақстанның ІІМ алдында қойылған тапсырмаларды тиімді шешуге мүмкіндігі бар ішкі істер органдарының жоғары білікті жеке құрамын құру мәселесі тұр. Кадрлық жұмыстың шарттары шиеленіскен әлеуметтік-саяси, экономикалық және криминогендік жағдайлармен ұсынылады. Ауыр қылмыс санының өсуі, қылмыстың сандық және сапалық өзгерулері құқық қорғау қызметін кадрлық қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмаларды шешуге негіз болды.

Ішкі істер органдарындағы кадрлармен жұмыс – ішкі істер органдарының (ІІО) қызметкерлерінің қатысында мемлекеттік кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жүйесі. ІІО кадрлық функциясы бірінші қатардағы маңызда және жүйенің дамуындағы жаңа тарихи сатысында көрініс табатын ерекше жағдайлармен ерекшеленеді.

ІІО мемлекеттік-қызметтік қатынастар әдебиетте түрлі аспектілерде қарастырылды: тарихи, құқықтық, әлеуметтік, социологиялық, адамгершілік. Алайда ғылыми жағынан Қазақстандағы радикалды ауысуларға жауап беретін осы қызметтің жаңа үлгісін қалыптастыру мақсатында әлі көптеген жұмыстар жасау керек.

Мемлекеттік қызметі мәселелері әкімшілік құқық бойынша оқулықтарда жан жақты қарастырылған. Оқу құралдары барлық білім алушыларға мемлекеттік қызметтің әкімшілік-құқықтық негізін түсінуге көмектеседі, ал сәйкес білімдер – Қазақстан мен оның мемлекеттік аппаратының, оның ішінде ІІО реформалануындағы маңызды үлгі болып табылады.

1. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткеру: өткеру тәртібі, құқықтық негізі және принциптері.

Кадрлық құрамның тиімділігін жоғарылату, мамандарды пайдалануын жақсарту және бірінші орында кадрлық саясатты жетілдіру кадрлармен жұмыстың маңызды бағыты ретінде қарастыру керек.

Қазақстанның ІІМ кадрлық саясаты ішкі істер органдарын қажетті әскерлік және моральдік сапасы бар ішкі істер органдарының кадрларымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың бағыттарын, мақсаттар, міндеттер, қағидалар, формалар, әдістердің жүйесін құрады. Қазақстанның ІІМ кадрлық саясатының бағытталуы, мазмұны мен сипаты келесі факторлармен негізделген:

- әлеуметтік қауырттылық пен қажетті қоғамдық келісімнің болмауымен сақталатын жаңа құқықтық демократиялық мемлекеттің даму қиындылықтарымен;

- ішкі әлеуметтік-саяси конфликттердің болуы және ашық қарулы қақтығысты қоса алғанда, құқыққа қарсы әрекеттердің түрлі формаларына оларды эскалациялаудың қауіптілігі;

- қатаң ресурстық, оның ішінде ішкі істер органдарында өткізілетін қаржылық шектеулермен бірге;

- күрделі криминогендік жағдаймен, қылмыстық сапалық сипаттамаларының өзгеруімен;

- техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін күшейтумен;

- ішкі істер органдарының және әскери қызметтің қызметтерінің престижінің, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің, қызметтен босатылған тұлғалардың, олардың отбасы мүшелерінің, сонымен қатар ішкі істер органдарының және Қазақстанның азаматтық персоналының материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуының деңгейінің төмендеуімен;

- жеке құрамның кәсіби дайындығының деңгейінің төмендеуімен, ішкі істер органдарының кадрлық орталығының лайлануымен;

- ішкі істер органдарына қызметке кандидаттарды алудың сапалық сипаттарының төмендеуімен;

- ішкі істер органдарының жаңа құқықтық нормативтік базасының қалыптасу үрдісінің созылуымен.

Кадрлық жұмыс – Қазақстанның ІІМ аса жауапты және жан жақты жұмысының бірі, өз алдына ол басқарушылық, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық және басқа да тапсырмаларды кешенді шешуді талап етеді. Ол Қазақстанның ІІМ жүйесінің барлық деңгейлерінің басшыларының басымды міндеттері болып табылады.

Кадрлармен жұмыс, олардың кәсіби дайындығын жетілдіру, заңдылықты, тәртіпті және жарғылық тәртіпті нығайту – Қазақстанның басқару жүйесінің тиімділігін жоғарылатудың, оның бірлігін, шапшаң-

қызметтік және қызметтік-ұрыстық қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ету шешуші факторлары.

Кадрлық жұмыстың жүйесі қызметкердің тарапынан бір жағынан, екінші жағынан – министрліктің құқықтары мен қызығушылықтарын тепе теңдікте ұстау қажеттілігін есепке ала отырып құрылады, ол министрлік қызығушылықтарымен шектелген бірлікте маманның, азаматтың және тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ондағы қызмет мемлекеттік қызметтің барлық тәртіптері, міндеттері мен шектеуліктерінен шығатын ерекше түрі болып табылады.

Кадрлық саясаттың мақсаты ішкі істер органдарының жоғары мамандандырылған, тұрақты, тиімді балансталған кадрлық корпусын қалыптастыру, ол жаңа және болжамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық, криминогендік және басқа да жағдайларына айтарлықтай сәйкес келуі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің, қоғамның және мемлекеттің алдында тұрған тапсырмаларды тиімді орындай білуі керек.

Қазақстан Республикасының ІІМ кадрлық саясатының негізгі қағидалары:

- ғылыми негізделуі мен шындыққай сай келуі, осы немесе басқа да біліктіліктің кадрларында ішкі істер органдарының қажеттіліктері сияқты өлшенген салмақ, сонымен қатар оны қанағаттандырудың сәйкес мүмкіндіктері;

- кадрлық мәселелерді шешудің жүйелілігі мен кешенділігі;

- перспективалығы, кадрлық жағдайды болжауға негізделген аттап өтетін және жеңілдететін сипаты;

- қызметтік және моралдік сапаларына қарай, ішкі істер органдарының персоналын (қызметкерлерін) таңдау;

- кадрларға қағидалы талаптарымен қоса, сенім мен сыйластықтың келісуі;

- кадрлардың өзара байланысы мен жанбайланысы мен жаңаруы;

- кадрлық мәселелерді шешуде ұжымның да көзқарасын есепке алуды негізге алатын бір бастаулық пен ұжымдылық қағидасының бірігуі;

- барлық азаматтардың ішкі істер органдарына тең қол жеткізудің болуы, нормативтік акттерде бар денсаулық жағдайының талаптары, білім деңгейі, кәсіби даярлығының, сотталуы мен жақын туыстарының қылмыстық ортада жауапкершілікке тартылмаған жағдайының талаптарын сақтау;

- кадрлық мәселелерді шешуде заңдылық пен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін персоналды құқықтық және әлеуметтік қорғау.

Кадрлық аппараттарға ішкі істер органдарының жүйесінде мемлекеттік кадрлық саясатының құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыстық қол сұғушылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардан азаматтардың заңды қызығушылықтарын талаптарын іске асыру мақсатында міндеттер жүктеледі.

Мұнда маңызды роль Қазақстанның ІІМ кадрлық жұмыстар департаментіне, облыстар, Астана, Алматы қалаларының ІІД КБ , КІІД, ІІО

кадрлар бөлімшелері мен топтарының және олардың бөлімшелеріне, сонымен қатар Қазақстанның кәсіпорындары, мекемелері мен оқу орындарына тиесілі

Заң ғылымында милитаризденген қызметкерлермен контракт, оның ішінде ішкі істер органдарының қызметкерлерімен нормативтік емес сипаттағы әкімшілік келісім шарттарының түрлілігін көрсетеді деген ереже шығарылған және теоретикалық жағынан негізделген. Осындай нұсқасымен толығымен келісуге болады. ІІБ қызметтің негізгі сипаты (азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, құқықтық тәртіпті өз өміріне қауіп төндіретін болса да қорғау, қару қолдану құқығы) бірініші жағынан, қызметкерлердің басқа санаттарына қарағанда контрактілерде қосымша талаптар мен құқықтық шектеулерді, лауазымдық міндеттерді, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартудың ерекшеліктерін (санкцияны қатаңдату жағына қарай) бекіту мүмкіндігіне әкеледі, екінші жағынан мемлекеттік милитаризденген мемлекеттік қызметкерлерді жалпы және ІІО қызметкерлерін жекелей аса жоғары экономикалық, әлеуметтік және кадрлық кепілдемелерді бекітуге міндеттейді. Жалпы алғанда, контракт формасы жеке құрамның сапалы жағдайына жағымды әсерін тигізді. Алайда осы форманы қолдану проблемаларды да туындатты.

Сипатына қарай конфликттерді шешудің айқын жүйесі қажет. Бұл жүйені үшін компоненттің түрінде түсінуге болады:

а) алғашында конфликт дауласқан тараптармен олармен таңдалған келісу процедураларының негізінде жеке шешілуі мүмкін;

б) жағымды нәтижеге жетпеген жағдайда таласқан объектілер өзара келісім арқылы комиссия құра алады, оның шешімі екі жақ тарап үшін де міндетті сипатта болады;

в) егер дауласқан субъектілерде туындаған дауды шешудің өзара келісімі болмаған жағдайда, тараптар шешудің әкімшілік немесе соттық тәртібіне шағымданады. Бесіншіден, Қазақстанның ІІМ жүйесінде мемлекеттік қызмет саласындағы дауларды қарастыратын орган құру қажет.

Ішкі істер органдарындағы қызмет туралы контракт жасасқан субъектілердің арасындағы қатынастарды нақтылайды. Көрсетілген зерттеулердің қатарына қарамай, бүгінгі күнге дейін осындай қатынастардың құқықтық сипаты туралы проблема шешілмеген күйінде қалды. Ғылыми зерттеулерді, заңнаманың даму практикаларын, оның ішінде халықаралық сараптау бұл проблема түрлі зерттеушілердің көңілін аудартқан және аударта береді дегенді айтуға көмек көрсетеді.

Контрактіден шыққан құқықтық қатынастар шынымен де күрделі. Сонымен бірге оларды сипаттайтын екі жағы да көрінеді. Бір жағы, ол мемлекеттік –қызметтік қатынастар дегенді нақтылайды, екіншісі – бұл қатынастар құқықтың түрлі салаларымен реттеледі, әкімшілік құқық деген салаға жетекші роль беріледі.

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары және олардың мақсаты.** Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі –

ішкі істер органдары) адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғауға,

қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады.

Ішкі істер органдары өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде олардың қызметіне араласуға тыйым салынады.

**Ішкі істер органдарында қызмет өткеру** Ішкі істер органдарында қызмет өткеру тәртібі мен шарттары «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай қолданылған, терроризмге қарсы операция жүргізілген кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде ішкі істер органдарының қызметкерін тұрақты орналасқан пункттен тыс жерде оған жүктелген міндеттерді орындауға тартуға: қызметтік уақыт режимін өзгертуге, оған қосымша міндеттер жүктеуге, басқа жерге іссапармен жіберуге, қызмет сипатын өзгертпей басқа бөлімшеге уақытша ауыстыруға, сондай-ақ қызметкердің келісімінсіз өзге де ерекше жағдайлар мен қосымша шектеулер белгілеуге жол беріледі. Мұндай жағдайларда ішкі істер органдары қызметкерінің қызмет мерзімінің бір күні үш күн болып есептеледі және үш есе мөлшерде ақшалай қамтылым төленеді.

### **Құқық қорғау органдарындағы қызметтің құқықтық негізі**

Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, құқық қорғау қызметі туралы заң және Заңда көзделген ерекшеліктермен қоса Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылатын қағидалардан өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Ішкі істер органдарының қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қағидастарына және құқық қорғау қызметінің арнаулы қағидастарына сәйкес жүзеге асырылады. Құқық қорғау қызметінің арнайы принциптері мыналар болып табылады:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау міндеттілігі;

2) азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық;

3) құқық қорғау органдарында құқық қорғау қызметін ұйымдастыруға көзқарастың біртұтастығы;

- 4) дара басшылық пен субординация (бағыныстылық);
- 5) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу.

**Құқық қорғау қызметіне тұру шарты:**

1. Құқық қорғау органдарына қызметке жасы он сегізге толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму жағдайы, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады.

2. Құқық қорғау қызметіне:

1) заңмен белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерді орындауға кедергі келтіретін сырқаты бар;

3) қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық немесе психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өтпеген;

4) қызметкер құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаудан бас тартқан;

5) құқық қорғау қызметіне тұрар алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6) құқық қорғау қызметіне тұрғанға дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

7) қызметке тұрғанға дейін өзіне қатысты үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе қызметке орналасқанға дейін үш жылдың ішінде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

8) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жұмыстан шығарылған;

10) бұрын сотталған не қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан және әділет органдарынан теріс себептер бойынша шығарылған адам қабылданбайды.



11. Құқық қорғау қызметі туралы заңның 6 баптың 2-тармағында көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау құқық қорғау қызметіне қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

12. Құқық қорғау органдарына қызметке тұру азаматтар міндетті арнайы тексеруден өткен жағдайда жүзеге асырылады.

13. Құқық қорғау органдарына қызметке қабылданатын азаматтар қызметке жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден міндетті түрде өтеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке тұратын азаматтар мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі органдардың тиісті бөлімшесінде полиграфологиялық зерттеуден өтеді.

14. Полиграфологиялық зерттеуден өту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

РҚАО-ның

ескертпесі!

6-тармақты алып тастау көзделген - ҚР 18.11.2015 № 412-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Азамат және оның жұбайы (зайыбы) құқық қорғау қызметіне тұрған кезде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, кірістері мен мүлкі туралы декларацияны тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына ұсынуға міндетті.

#### **Құқық қорғау қызметіне қабылдау.**

Құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау лауазымға тағайындау жолымен, оның ішінде құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түскен адамдармен келісімшарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау құқық қорғау органы басшыларының немесе уәкілетті басшылардың бұйрықтарымен ресімделеді. Бұйрық қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға қол қойдырып жарияланады.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шектеулерді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындалған немесе құқық қорғау органдарының кадрына қабылданған әскери міндеттілер, құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттарын қоса алғанда, белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және құқық қорғау органдарының арнайы есебіне қойылады.

#### **Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.**

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында оқуға орта білімі бар, жасы он алтыға толған адамдар қабылдана алады.

Құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін құқық қорғау органының басшысы айқындайды.

Жоғары білімі бар адамдар құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін қабылдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарына оқуға түсетін адамдар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен оқу ақысын төлей отырып, құқық қорғау органдарының жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсетін адамдар білім беру ұйымдарындағы оқу мерзіміне және сонымен бір мезгілде білім беру ұйымдарында оқуын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында орта және аға басшы құрам лауазымдарында қызмет өткеру туралы күнтізбелік есеппен бес жылға келісімшарт жасасады.

Келісімшартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және құқық қорғау органының лауазымды адамының) өзара міндеттемелері мен жауапкершілігі белгіленеді және білім беру ұйымын бітіргеннен кейін құқық қорғау органында қызметті одан әрі атқарудың шарттары мен мерзімдері көзделеді. Келісімшарт қабылдау комиссиясының құқық қорғау органының білім беру ұйымына қабылдау туралы шешімінен кейін жасалады. Келісімшарттың нысаны, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі құқық қорғау органдарының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Жасы он сегізге толмаған адамдармен келісімшарт жасалған жағдайда, олардың ата-аналарының, бала асырап алушыларының немесе қамқоршыларының келісімі қажет.

Құқық қорғау органдарының жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуын бітірген қызметкерлер құқық қорғау органдарында кемінде бес жыл, жалпы орта және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын іске асыратын қызметкерлер кемінде үш жыл қызмет өткеруге міндетті.

Қызметкер құқық қорғау органының білім беру ұйымын аяқтағаннан кейін құқық қорғау органдарында одан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не келісімшартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, ол өзін оқыту кезеңінде оқуға, стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына бару және кері қайту жолақысы шығыстарына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға тиісті сома келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейінгі қызмет атқарылмаған әрбір толық айға пропорционалды түрде есептеледі.

Осы міндет қызметкер денсаулық жағдайы бойынша әскери-дәрігерлік комиссияның қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы негізінде не құқық қорғау органы штаттарының

қысқартылуына немесе оның қайта ұйымдастырылуына не таратылуына байланысты басқа лауазымға пайдаланудың, сондай-ақ оны басқа құқық қорғау органына не арнаулы мемлекеттік органға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда қызметтен босатылған болса, оған қолданылмайды.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын құқық қорғау органының білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқудың толық курсы бітіргендер үшін оқыған уақыты мерзімді әскери қызметті өткерумен теңестіріледі. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының, өзге де мемлекеттердің құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарының түлектері бөлуге сәйкес қызмет өткеруге жіберіледі.

Әскерге шақырылу жасына жеткен және үлгерімі төмен болғаны, тәртіп сақтамағаны үшін, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылған құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінің курсанттары, сондай-ақ құқық қорғау органдарының жолдамасы бойынша шетел мемлекеттерінің білім беру ұйымдарында оқытындар әскери есепке қою үшін тұрғылықты жеріндегі әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар өздерін оқыту кезеңінде оқуға, стипендия төлеуге, тамақтандыруға, заттай жабдықтылығына және каникулдық демалыс кезеңінде оқу орнына бару және кері қайту жолақысы шығыстарына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұсталуға тиісті сома білім беру ұйымдарында болған әрбір толық айға пропорционалды түрде есептеледі.

Бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдары диплом алдындағы практикадан өту үшін құқық қорғау органдарына жіберген курсанттар практикадан өту кезеңіне бос лауазымға тағайындалады.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындарын аяқтағаннан кейін магистратураға және докторантураға бірден қабылданған қызметкерлерге, тиісті кафедра оқытушысының айлықақысының жетпіс пайызы мөлшерінде лауазымдық айлықақы, сондай-ақ арнаулы атағы немесе сыныптық шені үшін қосымша ақы төленеді.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының магистратурасына және докторантурасына қабылданған қызметкерлерге оқу уақытына оқуға жіберілгенге дейін атқарған соңғы штаттық лауазымы (уақытша атқарған емес) бойынша лауазымдық айлықақысының жетпіс пайызы мөлшерінде лауазымдық айлықақы белгіленеді.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарының курсанттарына каникулдық демалыс кезеңіне қалааралық автомобиль (таксиді қоспағанда), теміржол және су көлігімен тұрақты тұратын жеріне баруға және кейін қайтуға жол жүру ақысы төленеді.

## **2. ҚР ішкі істер органдарында қызмет өткерудің ерекшелігі.**

Қызметті өткеру деп, ішкі істер органдарының қызметтерінің қызметтік-құқықтық жағдайын өзгертуге келтіретін заңдылық фактілердің жиын-тығын түсінеміз. Оның қатарына: кадрлар қатарына кіргізу, лауазымға тағайындау, қызмет бабында ауыстыру және жоғарлату, арнаулы атақты беру, қызметтік аттестациялау және ішкі істер органдарындағы қызметтен босату жатады.

Өткеру – мемлекеттік қызметтің аспектілерінің бірі. Қызметтегі заңнамада мемлекеттік қызметті өту мағынасында қызметкердің құқықтық деңгейіне әсер ететін атқарушы биліктің субъектілерінің жеке актілерін шығаруды туындыратын заң фактілерінің жүйесі жатыр. Өткеру – мемлекеттік қызметтегі тұлғаның қызметтік деңгейінің динамикасы.

Қызметтен өткеру және оның барлық элементтері (аттестация, қызмет бойынша жоғарылау, атақтарды тағайындау, тәртіптік практика және т.б.) ішкі істер органдарының қызметкерінің құқықтық деңгейінің бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті өтудің маңызды элементі мемлекеттік қызметтің кең, күрделі көлемді институтының аясында жеке құқықтық институтты құратын мемлекеттік қызметкерлерді аттестаттау болып табылады.

Заң әдебиетінде аттестациялаудың құқықтық институтының астарында қызметкерлердің іскерлік, жеке, адамгершілік сапаларын, олардың еңбектерінің қорытындыларын бағалау бойынша қызметті жүзеге асыру баорысында аттестациялық-лауазымдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік қызметкердің атқаратын мемлекеттік қызметіне кәсіби дайындығының деңгейі мен сәйкестігін анықтау мақсатында қызметкерлердің жұмысын қызметтегі бақылаудың құқықтық жүйелердің нормаларын түсіну керек.

ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 47 бабына сәйкес қызметкерлерді Аттестациялау олардың кәсіби дайындығын, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу мүмкіндіктерінің деңгейін анықтау бойынша жүзеге асырылатын процедура болып табылады.

Аттестаттау кезіндегі негізгі белгі қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алу мүмкіндігінің болуы.

Қызметкерлер құқық қорғау органдарының жүйесінде үздіксіз кезекті әр үш жыл өткеннен кейін аттестациядан өтеді. Және де аттестация көрсетілген мерзімнен алты айдан артық емес уақытта өткізілуі тиіс.

Егер аттестациялауға жататын қызметкерлер жаңа қызметтерге тағайындалған болса, олар тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң аттестаттаудан өтеді. Бірдей маңыздағы қызметтерге тағайындалған кезде, егер ол функционалдық міндеттеріне өзгертулер туындатпаса, аталған мерзім есептелмейді.

Аттестациядан өту кезінде құқық қорғау органдарының қызметінде болу құқық қорғау жүйесінде үздіксіз деп танылады, егер қызметкер құқық қорғау органдарының жүйесінде қызметінен жұмыстан шығарылған күнінен құқық қорғау органдарының жүйесінде жұмысқа қабылданғанға дейін үш айдан асып кетпесе, сонымен қатар егер еңбек қатынастарында басқа да заң (мемлекеттік органдардан басқа) және жеке тұлғалармен аталған мерзімде болмаған жағдайда.

Құқық қорғау органдарының басшылары, және оның орынбасарлары, сонымен қатар жиырма жылдан кем емес құқық қорғау органдарында жұмыс өтілі бар қызметкерлер аттестациядан өтпейді.

Қызметкерлер санынан жүктілігі және бала күтімі бойынша демалыстағы әйелдер де аттестациядан өтпейді. Олар жұмысқа шыққаннан кейін алты айдан бір жылға дейінгі мерзімде аттестациядан өтуі міндетті.

Аттестация кезекті деңгейлердің қатарынан тұрады:

- 1) аттестациядан өтуге дайындық;
- 2) прокуратура органдарынан басқалар кәсіби жарамдылықты анықтау бойынша бекітілген нормативтерді тапсыру;
- 3) аттестациялаудан өтетін адамның Қазақстанның заңнамасының білімі мен логикалық ойлауына қызметкерді компьютерлік тестілеу;
- 4) аттестациялық комиссиямен өткізілетін қызметкермен әңгімелесу;
- 5) аттестациялық комиссияның шешімін шығаруы.

Аттестацияның негізгі міндеттері болып табылады:

- адамгершілік, іскерлік және кәсіби сапаларын максималды объективті және толық бағалау, аттестацияланушының терең және жан жақты білімінің негізінде білімдерін, біліктіліктерін және дағдыларын меңгеру;

- аттестацияланатын жұмыскерлердің атқаратын қызметтерінің сәйкестігін және олардың қызметтік пайдалануының келешектерін анықтау;

- аттестацияланушының кәсіби белсенділігін дамыту үшін стимулдарды қалыптастыру;

- кадрлық протекционизм мен волюнтаризмнің болу мүмкіндігінен басқа, ішкі істер органдарының кадрлық қарымының жоғары біліктілігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Аттестациялауда қызметкердің жеке ерекшеліктері, білімі, біліктілігі мен оның тағайындалатын жұмысқа сәйкестігі объективті және жан жақты қарастырылады, оның ішінде:

- кәсіби дайындығы, шапшаң-қызметтік тапсырмаларды шешу мүмкіндігі, өзінің қызметтік жағдайына сәйкес;

- қатерге тігілетін қызметтік міндеттерін шешуге әскери, физикалық және эмоционалдық-еріктік дайындығы;

- төтенше жағдайларда өзін өзі ұстау, адамдармен қатынастарда ұстамдылығының деңгейі;

- лауазымдық міндеттерінің сапалығы мен уақытында орындауы;

- аталған қызметкерді репутациясы қызмет орны бойынша, ұжымдағы авторитеттілігі, формалды емес байланыстары, коммерциялық құрылымдарға қатынасы және т.б.;

- денсаулық жағдайы, сыртқы келбеті.

Қызметкердің жеке тұлғасын сипаттағаннан кейін оның қызметтік әрекетін жақсарту, онда бар кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар беріледі. Алдыңғы аттестаттауда берілген ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша оның тырысулары белгіленеді.

Аттестаттау мәтіні қызметкердің тағайындалған қызметке сәйкестігі туралы дәлелденген, жоғарылату немесе осы жұмысында төмендету қажеттілігі туралы қорытындыларымен аяқталады.

